

# Орташа бағалар және бағаның деңгейлері

*Бизнес және кәсіпкерлік мектебінің аға оқытушысы:  
Сырымбек Маржан, ДӘРІС*

## **Баға деңгейі түсінігі**

Баға деңгейі - белгілі уақыт кезеңіндегі белгілі аумақта баға жағдайын сипаттайтын қорытындылау көрсеткіші. Бағаның деңгейі **жеке, орташа және қорытынды** болып бөлінеді.

Бағаның **жеке деңгейі** - бұл абсолюттік шама, ол нарықта тауардың бір өлшеміне төленетін ақша сомасы.

Біртекті тауарлар үшін жеке бағалар негізінде бағаның орташа деңгейін есептеуге болады, ол аталған тауар тобы үшін қорытынды сипаттамасы ретінде қолданылады.

# Орташа бағалар келесі формулалар бойынша есептеледі:

## 1. Орташа хронологиялық

$$\bar{Ц} = \frac{\left( \frac{Ц_1}{2} + Ц_2 + Ц_3 + \dots + \frac{Ц_t}{2} \right)}{t - 1}$$

t – кезеңдегі ай саны

Бұл формула бағаны тіркеу аралықтары бірдей болған жағдайда қолданылады. Мысалы:

1.01– 65 тг;

1.02 - 68 тг

1.03 – 70 тг

1.04 - 75 тг

1.05– 78 тг

1.06– 80 тг

1.07– 83 тг

$$\bar{Ц} = \frac{\left( \frac{65}{2} + 68 + 70 + 78 + 80 + \frac{83}{2} \right)}{7 - 1} = 74.166 \text{ тг}$$

## 2. Орташа хронологиялық салмақтау

$$\overline{Ц} = \frac{\sum \overline{Ц}_i \cdot t_i}{\sum t_i}$$

$\overline{Ц}$  - кезең бойынша орта баға  
t - ай саны

*Формула бағаны тіркеу мерзім аралығы әр түрлі болған кезде қолданылады*

Мысалы: бір өнімнің бағасы келесі тәртіппен тіркелген:

1.01 – 58 теңге, 1.03 – 63 теңге, 1.04 – 76 теңге, 1.05 – 83 теңге,  
1.07 – 91 теңге.

$$\overline{Ц} = \frac{\frac{58 + 63}{2} \times 2 + \frac{63 + 76}{2} \times 1 + \frac{76 + 83}{2} \times 1 + \frac{83 + 91}{2} \times 2}{6} = 74$$

### 3. Орташа арифметикалық салмақтау.

$$\bar{Ц} = \frac{\sum Ц \cdot Q}{\sum Q}$$

Q – натуралды өлшем бірлігіндегі сатылған тауарлар саны.

Формула сатылған тауар саны немесе пайыздық қатынастары белгілі болған жағдайда қолданылады.

Мысалы: нарықта заттың 1 кг орта бағасы мен өткізу көлемі берілген .

1.01– 2,5 тг

1.02 - 3 тг

1.03- 3,5 тг өткізілді.

Өткізілген көлем

1.01.– 9 мың

1.02 – 10 мың

1.03 – 8500

$$\bar{Ц} = \frac{2,5 * 9000 + 3 * 10000 + 3.5 * 8500}{9000 + 10000 + 8500} = 2.99$$

## 4. Орташа гармониялық салмақтау.

$$\overline{Ц} = \frac{\sum B}{\sum \frac{B}{Ц}}$$

$B$  – құндық өлшем бірліктегі тауар айналымының көлемі.

Әр түрлі баға деңгейіне сәйкес тауар айналым белгілі кезде қолданылады.

Мысалы:

Нан өнімдерін сату бойынша тауар айналымы тәулігіне 1-ші дүкенде 40 мың теңге, 2-шісінде 56 мың теңге, 3 –ші дүкенде 100 мың теңге құрады.

Нан бағасы: 1 –шіде 80 теңге, 2-шіде 95теңге, 3-шіде 105 теңге. Орташа бағасын анықтау қажет. Ол үшін, орташа гармониялық салмақтау формуласын пайдаланамыз.

$$\overline{Ц} = (40 + 56 + 100) / (40/80 + 56/95 + 100/105) = 95\text{теңге}$$

## **Баға индексі түсінігі**

**Бағаның жеке индексі** – ағымдағы кезеңдегі тауар бағаларының базистік кезеңге қатынасы.

**Баға индексі (жалпы)** – әр текті тауарлар жиынтығының баға өзгерісін сипаттайтын, салыстырмалы шама.

## Тақырыпты бекітуге арналған есепті шығарыңыз:

*Есеп.* Нарықта, бірінші кварталда картопты өткізу мөлшері және орташа айлық бағасы туралы мәліметтер кестеде берілген.

Орташа арифметикалық салмақтау формуласын пайдаланып орташа кварталдық бағаны анықтаңыз.

	Қаңтар	Ақпан	Наурыз
1 кг-ға орташа айлық баға, теңге	120	130	150
Өткізілді, (кг)	7800	8000	8500



**Көңіл қойып  
тыңдағандарыңызға  
Рахмет!!!**

